КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 31 шілде №7119-24-00-2/8034 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы Бисембаева А.
қатысуымен ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
«EAST LINK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Самтикова Ж.Т.
жауапкердің өкілі Еремина Э.З.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024-03-12 жылғы № 11530126-2 «Алдын ала біліктілік іріктеуімен конкурс» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес «EAST LINK» («ИСТ ЛИНК») ЖШС 50 дана компьютерді (моноблокты) (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге жеңімпаз болып табылады.

2024 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" ШЖҚ РМК (бұдан әрі – "ҰЗМИ" РМК) және «EAST LINK» («ИСТ ЛИНК») ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында жалпы сомасы 20 160 000 теңгеге № 154 «Алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс» тәсілімен Тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі-шарт) жасалды. Тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, яғни 2024 жылғы 22 мамырға дейін. Алайда Өнім беруші шартқа сәйкес өз міндетін орындаған жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Соттын отырысында талапкердің өкілі шарттың талаптарына сәйкес өзінің міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, яғни 2024 жылғы 22 мамырға дейін. Алайда Өнім беруші шартқа сәйкес өз міндетін орындаған жоқ.

Сол себептен шарт 24.07.2024 ж. бұзылды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.08.2024

7119-24-3-1/7357

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "EAST LINK" ("ИСТ ЛИНК") жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«EAST LINK» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«EAST LINK» ЖШС мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж. Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.08.2024

«ТӨРЕҚҰЛ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕҚҰЛ»